

ҮҮа 2208 «Тіл біліміне кіріспе»
пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы
«БВ02301- Шетел филологиясы(шығыс тілдері)»
2 курс, қазақ бөлімі

Өткізілу түрі: Ауыша дәстүрлі

Платформа: MS Teams - та және универ жүйесі

Форматы: Синхронды

Емтихан бағдарламасының мазмұны:

Теориялық бөлігі: Теориялық тұрғыдан сипаттама бере отырып түсіндіру

Тапсырма: Бағалау – 100 балл

I блок- 30 балл , II блок- 30 балл, III блок- 40 балл

Қорытынды емтиханы ауызша/жазбаша түрде болады. Билет 3 блоктан тұрады.

I блоктың сұрақтары когнитивті құзіреттілікке бағытталған, яғни білу және түсінуді тексереді. Ережеге негізінде аударма жасау.

II блокта сараптаумен бағалау сияқты құзыреттіліктің жүйелі сұрақтары сұралады. Бұл жерде студент берілген материалдардан терминдерді табу арқылы пәнді толық меңгергенін дәлелдейді.

III блокта сараптау және қолдану сияқты құзыреттіліктің функциональді сұрақтары қойылады. Бұл жерде студент мәселені шешу барысында өзінің алған білімін қолдана отырып, мәселеден шығу немесе шешу жолдарын қалыптастырады.

Әдістемелік нұсқаулар: Түрік тілінде нормативтік айтылу, сөйлеу ырғағы, интонация, құрылымы, кәсіби сөйлеу дискурстың фонетикалық құрылымын үйрену, коммуникациялық хабардарлықты қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 .Миньяр-Белоручев Р. «Как стать переводчиком?» М.,2000

2 .Черникова Л.Ю. «Последовательный перевод» - Алматы 2001

3.Чужакин А.П.Прикладная теория устного перевода и переводческой скорописи. Курс лекций. – Валент, М., 2004

Қосымша

4.Миньяр-Белоручев Записи в последовательном переводе.- М.: Стелла 1997 г

5.Чужакин А.П. Мир перевода – 2 Устный перевод и переводческой скорописи.– Валент, М., 2004

ЕМТИХАНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

ҮҮа 2208 «Тіл біліміне кіріспе»

пәні бойынша өткізілетін емтиханды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық

I. Жалпы ереже

ҮҮа 2208 «Тіл біліміне кіріспе» пәні бойынша қорытынды бақылаудың мақсаты студенттердің (магистрант) талдау жолымен жасалатын аналитикалық біліктілігі мен сыни көзбен қарай отырып кәсіби тұрғыдан ойлауын, автордың коммуникативтік ниетін, ойын іске асыруда қатысатын лексика- синтаксистік және стилистикалық ерекшеліктерін анықтау жолымен түрлі функционалды стиль мен жанрдағы жазбаша мәтіндердің мағынасын ашу (интерпретация), филологиялық ой-өрісін кеңейтуге бағытталған білімін және ой-өрісін дамыту арқылы оқу бағдарламасында (силлабус) берілген талаптарға сәйкес, когнитивті, функционалды, әлеуметтік және метақұзіреттілік қабілетін анықтау және бағалау болып табылады.

Пәннің оқу бағдарламасында (силлабус) көрсетілген тақырыптарды меңгерген студент (магистрант) емтиханға жіберіледі.

ҮҮа 2208 «Тіл біліміне кіріспе» пәні бойынша студенттің (магистрант) білім деңгейін анықтау мақсатында өткізілетін емтиханға дайындалу үшін, емтиханды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулама, сұрақтар, анықтама материалдары дайындалды.

Емтихан кезінде студенттің (магистрант) білімін анықтау үшін оқытушының арнайы дайындаған материалдарынан тыс, сөздік, анықтама немесе оқу құралдарын пайдалануға және емтихан сұрақтарымен алдын ала танысуға **қатаң тиым салынады**.

Комиссия мүшелері емтихан нәтижесі бойынша студенттің (магистрант) білімін дұрыс бағалауға тікелей жауапты болып саналады.

Емтихан кезінде әр-түрлі көшірме құралдары мен парақтарын (шпаргалка) қолданған және емтихан ережелерін бұзған студент (магистрант) емтиханнан шеттетіледі және «қанағаттанарлықсыз» деген баға қойылады.

II. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану ережесі

Студенттердің (магистрант) қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы емтихан тапсыру ережесі «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы 2020-2021 оқу жылының көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын ұйымдастыру нұсқаулығы» негізінде жүзеге асырылады.

Қорытынды бақылау **онлайн** түрінде емтихан кестесі бойынша белгіленген уақытта қашықтықтан өтіледі.

Қорытынды бақылау түрі **ауызша**. Ауызша емтиханда студент (магистрант), кесте бойынша оқытушымен немесе комиссия мүшесімен вебинар өткізуге арналған арнайы онлайн платформада (ұсынылатын байланыс түрлері **Microsoft Teams, Cisco Webex**, техникалық ақаулықтар болған жағдайда **ZOOM, Skype** т.б.) байланысқа шығады. Емтихан алушы және комиссия мүшелері емтиханның **видеожазбасын сақтауға тиіс**.

Қорытынды бақылаудың (емтихан) сипаты

Қорытынды бақылаудың (емтихан) түрі	қолданылатын платформа	кімдерге ұсынылады	прокторингтің болуы, видеожазба, плагиатқа тексеру	билеттерді / сұрақтарды автоматты түрде қалыптастыру	жұмысты тексерудің жүзеге асуы
ауызша	Microsoft Teams, Cisco WEBEX немесе BigBlueButton СДО Moodle- да	магистратура бөлімінде оқытындар үшін 12 студентке дейінгі	Прокторинг – жоқ Видеозапись – бар видеожазбаны түсіруге жауапты комиссия мүшелері	жоқ билетті оқытушы PDF немесе Excel файлда қолмен дайындайды. Файлды конференцияға жүктейді.	магистратура бөлімдері үшін емтиханды пән оқытушысы жүзеге асырады. бакалавриат деңгейіндегі

		бакалавриат студенттері үшін			студенттер үшін 2 оқытушыдан кем емес альтернативті оқытушылар қатысуы шарт. Әр студентке хаттама толтырылады.
--	--	------------------------------	--	--	--

Ауызша емтихан: дәстүрлі сұраққа жауап беру түрінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің коорпоративті платформасында **Microsoft Teams** арқылы өтіледі.

Емтихан форматы – **онлайн**

Ауызша:

- коорпоративті платформа арқылы **Microsoft Teams** ресурсын пайдалану ұсынылады;
- техникалық ақаулықтар орын алған жағдайда **Cisco Webex, BigBlueButton ҚОЖ Moodle** арқылы, сонымен қатар, **ZOOM, Skype** сияқты сыртқы ресурстарды қолдана отырып, видеожазбаны тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

Тексеру:

- емтиханның видеожазбасын көшіру;
- әр емтихан тапсырушыға хаттама толтыру оқытушы немесе альтернативті оқытушы тарапынан жүзеге асырылады.

Ұзақтығы:

Дайындалуға берілетін уақытты оқытушы белгілейді.

Билетте берілген сұрақтардың барлығына жауап беру үшін берілетін уақыт 15-20 минут.

Емтихан өткізу регламенті

- **МАҢЫЗДЫ** – қорытынды бақылау студент (магистрант) пен оқытушыға алдын ала берілген емтихан кестесіне сәйкес өткізіледі. Қорытынды бақылаудың өтілуіне кафедра мен факультет жауапты.

Қорытынды бақылау өтілетін күні 30 минут бұрын оқытушы студенттерге (магистрант) емтиханның басталу уақытын алдын ала ескертіп, техникалық құрылғылардың дұрыс жұмыс істеуін тексереді. Егер қажет болған жағдайда платформаны ауыстыра алады.

Қорытынды бақылау барлық студенттер (магистрант) және оқытушылар онлайн конференцияға қосылғаннан кейін жүзеге асырылады:

- Емтиханның ВИДЕОЖАЗБАСЫ қосылады;
- Емтиханға қатысушылармен сәлемдеседі;
- Видеожазбаның жүріп жатқандығы туралы ескертеді;
- Емтиханның өтілу ретімен таныстырады;
 - емтихан тапсырушылардың реті
 - дайындыққа берілетін уақыт
 - жауапқа берілетін уақыт
 - сұрақтарға дайындық кезінде қажет болған жағдайда таза парақ пен қалам қолдануға рұқсат етіледі;
 - студенттен (магистрант) жауап бермес бұрын алдындағы жазылған парақты камераға көрсетуі қажет;
 - басқа студенттер (магистрант) конференциядан шығуға рұқсат етілмейді, алайда кезекті күту уақытында камераның алдында үнемі болуы шарт емес;
- Студенттің (магистрант) аты-жөнін хабарлайды;
- Студенттен (магистрант) отырған бөлмеде бөтен адамдардың және қосымша ақпарат құралдарының болмауын тексеру мақсатында өзі отырған бөлменің ішін көрсетуді сұрайды;
- Қосымша ақпарат құралдары мен материалдарды қолдануға рұқсат етілмейтіндігін ескертеді;
- Студентке (магистрант) жауап беретін билет нөмірін жариялайды;
- Берілген билетті файл түрінде чатқа салады;

- Емтихан қабылдаушы мен комиссия мүшелерінің шешімімен дайындық уақытын белгілеп, дайындыққа уақыт береді;
- Видеожазбаның дайындығын бақылап, қажет болған жағдайда ескерту айтылады;
- Студент (магистрант) жауап береді;
- Жауап беріп болған студент (магистрант) онлайн конференциядан шығып кетуге рұқсат беріледі.

III. Бағалау және аттестациялау саясаты

Критерийлік бағалау: дескрипторлармен салыстырмалы түрде оқу нәтижелерін бағалау (аралық бақылау мен емтихандардағы құзыреттілікті қалыптастыруды тексеру).

Суммативті бағалау: Аудиториядағы белсенді жұмыс пен қатысқандар бойынша бағалау; орындалған жұмысты бағалау

Суммативті бағалау: Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі: $(PK1+MT+PK2/3) \times 0,6 + (ИЭ \times 0,4)$.

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	
I (Incomplete)	-	-	Пән аяқталмаған (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
P (Pass)	-	-	«Есептелінді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
NP (No Pass)	-	-	«Есептелінбейді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
АТТ-ған		30-60 50-100	Аттестатталған
АТТ-маған		0-29 0-49	Аттестатталмаған
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу

